

## Көше атауын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Катонқарағай ауылдық округі әкімі аппаратының 2010 жылғы 16 шілдедегі N 01-III шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Катонқарағай аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 27 шілдеде N 5-13-75 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы № 148-II «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабын, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабы 4-тармағын басшылыққа ала отырып және Катонқарағай ауылдық округі Жаңаүлгі ауылының Қиынжыра көшесі тұрғындарының пікірін ескере келе **ШЕШЕМІН:**

1. Жаңаүлгі ауылындағы Қиынжыра көшесінің атауы Тоқтаған Тайсариновтың атындағы көше болып өзгертілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Шешімнің орындалуын өзім бақылаймын.

*Катонқарағай ауылдық округінің әкімі А. Балтабаев*